

**Аршалы кентінің №1 ЖОББМ-ң қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің
әдістемелік бірлестігі отырысының
№1 ХАТТАМАСЫ**

Өткен күні: 27 тамыз 2025 жыл

Өткен орны: Аршалы к. №1 ЖОББМ, 25-кабинет

Қатысқандар: қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері (8 адам)

Қатыспағандар: -

Күн тәртібі:

1. Өткен оқу жылындағы әдістемелік бірлестігінің жұмысын талдау;
2. Әдістемелік бірлестіктің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау;
3. 2025-2026 оқу жылының әдістемелік нұсқау хатымен танысу;
4. Пән бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды қарау;
5. Дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмысты жоспарлау;
6. Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмысты жоспарлау;
7. ҚР халықтарының тілдері күніне арналған онкүндікті ұйымдастыру және өткізу;
8. Әртүрлі мәселелер.

1) Бірінші мәселе бойынша әдістемелік бірлестіктің өткен оқу жылындағы жетекшісі, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Ахметова Гульмира Исаевна сөз сөйледі. Әдістемелік бірлестіктің өткен оқу жылындағы жұмысы туралы ақпарат берді.

(ақпараты қоса беріледі)

2) Екінші мәселе бойынша әдістемелік бірлестіктің жетекшісі Кайрмденова Арайлым Есболатовна әдістемелік бірлестіктің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстырды. Қатысушылар арасында жоспар талқыланды. Әдістемелік бірлестік отырыстарының жоспарлары жеке қарастырылып, талқыланды. Отырыстарға белгіленген тақырыптар бойынша баяндама дайындайтын мұғалімдер белгіленді:

- «Оқушылармен ғылыми жоба жұмыстарын жазу бойынша шеберлік сабағы», қараша айы, Кайрмденова А.Е.;
- «Авторлық бағдарлама жазу бойынша шеберлік сабағы», қараша айы, Утепбаева Д.Б.;
- «Оқыту үрдісінде жасанды интеллект ресурстарын тиімді қолдану», қаңтар айы, Төлеген С.Т.;
- «Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамыту», наурыз айы, Дәуіт Б.Е.

3) Екінші мәселе бойынша әдістемелік бірлестіктің жетекшісі Кайрмденова Арайлым Есболатовна 2025-2026 оқу жылының әдістемелік нұсқау хатының қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты тұстарына тоқталды. Оқыту үрдісіне жасанды интеллект қолдану жолдарын енгізу туралы, сабақ барысында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру қажеттігі жайлы сөз етілді, көрсетілген құндылықтар атап айтылды. Сонымен қатар өткен оқу жылындағыдай тоқсанның бір БЖБ жұмысын диктант түрінде өткізу қалдырылды.

4) Төртінші мәселе бойынша пән мұғалімдерінің жаңа оқу жылына арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары қаралды, талқыланды. Бекітуге жіберу туралы ұсыныс бір ауыздан қабылданды.

5) Бесінші мәселе бойынша дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмысты жоспарлау сөз етілді. Дарынды балалармен жұмыс жоспарын бір жүйеге келтіру туралы ұсыныс айтылды және қабылданды. Әдістемелік бірлестік жетекшісі А.Е.Кайрмденова үлгі ұсынып, сол басшылыққа алынатыны туралы келісілді.



6) Алтыншы мәселе бойынша үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмысты жоспарлау туралы айтылды. Әдістемелік бірлестік мүшелері бұл бағыттағы жұмысты әр мұғалім өз жүйесі бойынша жүргізгені туралы айтты және оны өзгеріссіз қалдыру ұсынылды. Әр пән мұғалімі үлгерімі төмен оқушылармен өз қалауы бойынша мақсатты түрде жұмыс жүргізу қажет екені айтылды.

7) Жетінші мәселе бойынша ҚР халықтарының тілдері күніне арналған онкүндікті ұйымдастыру және өткізу туралы әдістемелік бірлестіктің жетекшісі Кайрмденова Арайлым Есболатовна сөз алды. Аудандық жоспармен таныстырды. Аудандық жоспарға сәйкес мектепшілік жоспарды құру және бекіту қажет екені айтылды. 3.09.2025 ж. дейін әдістемелік бірлестіктің барлық мүшелері өздерінің іс-шараларын ұсынуға тиіс деп қабылданды. Онкүндіктің ашылуына арналған салтанатты шара өткізу және онкүндік қорытындысы бойынша белсенді оқушыларды марапаттау туралы ұсыныстар қабылданды.

8) Соңғы мәселе бойынша ағымдағы жұмысқа қатысты әртүрлі сұрақтар қозғалды. Оқу жылы барысында өтетін пәндік конкурстарға қатысатын оқушыларды дайындау үшін номинацияларды өзара келісіп бөліп алу ұсынылды. Барлық қатысушылар келісті. Әдістемелік бірлестік папкасына жинақталатын құжаттарды уақытында тапсыру қажеттігі ескертілді.

ӘБ жетекшісі

ӘБ хатшысы

А.Е.Кайрмденова

Б.Е.Дәуіт

3) Екінші мәселе бойынша әдістемелік бірлестіктің жетекшісі Кайрмденова Арайлым Есболатовна 2025-2026 оқу жылының әдістемелік нұсқау хатының қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты тұстарына тоқталды. Оқыту үрдісіне жасанды интеллект қолдану жолдарын енгізу туралы, сабақ барысында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру қажеттігі жайлы сөз етілді, көрсетілген құндылықтар атап айтылды. Сонымен қатар өткен оқу жылындағыдай тоқсанның бір БЖБ жұмысын диктант түрінде өткізу қалдырылды.

4) Төртінші мәселе бойынша пән мұғалімдерінің жаңа оқу жылына арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары қаралды, талқыланды. Бекітуге жіберу туралы ұсыныс бір ауыздан қабылданды.

5) Бесінші мәселе бойынша дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмысты жоспарлау сөз етілді. Дарынды балалармен жұмыс жоспарын бір жүйеге келтіру туралы ұсыныс айтылды және қабылданды. Әдістемелік бірлестік жетекшісі А.Е.Кайрмденова үлгі ұсынып, сол басшылыққа алынатыны туралы келісілді.

6) Алтыншы мәселе бойынша үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмысты жоспарлау туралы айтылды. Әдістемелік бірлестік мүшелері бұл бағыттағы жұмысты әр мұғалім өз жүйесі бойынша жүргізгені туралы айтты және оны өзгеріссіз қалдыру ұсынылды. Әр пән мұғалімі үлгерімі төмен оқушылармен өз қалауы бойынша мақсатты түрде жұмыс жүргізу қажет екені айтылды.

7) Жетінші мәселе бойынша ҚР халықтарының тілдері күніне арналған онкүндікті ұйымдастыру және өткізу туралы әдістемелік бірлестіктің жетекшісі Кайрмденова Арайлым Есболатовна сөз алды. Аудандық жоспармен таныстырды. Аудандық жоспарға сәйкес мектепішілік жоспарды құру және бекіту қажет екені айтылды. 3.09.2025 ж. дейін әдістемелік бірлестіктің барлық мүшелері өздерінің іс-шараларын ұсынуға тиіс деп қабылданды. Онкүндіктің ашылуына арналған салтанатты шара өткізу және онкүндік қорытындысы бойынша белсенді оқушыларды марапаттау туралы ұсыныстар қабылданды.

8) Соңғы мәселе бойынша ағымдағы жұмысқа қатысты әртүрлі сұрақтар қозғалды. Оқу жылы барысында өтетін пәндік конкурстарға қатысатын оқушыларды дайындау үшін номинацияларды өзара келісіп бөліп алу ұсынылды. Барлық қатысушылар келісті. Әдістемелік бірлестік папкасына жинақталатын құжаттарды уақытында тапсыру қажеттігі ескертілді.

ӘБ жетекшісі



А.Е.Кайрмденова

ӘБ хатшысы



Б.Е.Дәуіт